

## **Өз болашағынды анықтауда мынадай ережелерді ұстан:**

- 1.** Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шетел тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игергенің аса пайдалы. Бұларды кез-келген мамандықта қажетті болары сөзсіз!
- 2.** Мамандық таңдауға байланысты сені, сенің қалаған мамандығынды толық білмейтін адамдардың ақыл-кеңесіне құлақ салудың қажеті шамалы.
- 3.** Мамандық таңдауда оның сырт келбетіне, көнілге қоныымды жақтарына ғана назар аударудың қажеті жоқ, мүмкіндігінше қалаған мамандығындың жұмыс мазмұны жөнінде көбірек білуге тырыс.
- 4.** Егер мамандық сенің досыңа ұнаса, саған да ұнайды деген қорытынды жасауға болмайды.
- 5.** Саған қолыңдан келетін істі мамандық етіп таңдаған пайдалырақ болмақ. Эйтсе де бұл сөз қарапайым естілгенімен, көбінесе назардан тыс қалып жатады.
- 6.** “Жақсы адам”- бұл мамандық емес. Егер саған адам ұнаса, оның менгерген мамандығын мен де таңдауым керек деп жаңсақ қорытынды жасауға болмайды.
- 7.** Сән қуып, мамандық таңдаудың қажеті жоқ. Сен окуынды тәмамдап, жұмыс істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы да мүмкін.
- 8.** Мүмкіндігінше өзің таңдаған мамандықтың өзінің денсаулық жағдайыңа тұра келетін-келмейтіндігі жөнінде дәрігерден кеңес алғаның жөн.
- 9.** Заманауи ағымға қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез-келген жағдайда қосалқы таңдаған мамандығың болуы қажет.
- 10.** Өзің таңдаған мамандығынның мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы, кәсіби өсу мүмкіндігі туралы сұраққа жауап бере алмағанда ғана сенің мамандық таңдаудағы ой-ниетің салмақтана түспек.
- 11.** Өзінмен алдын-ала психологиялық жұмыс жүргізбей-ақ, нық қадам жасай беруге болатын бірде-бір мамандықтың жоқ екендігін есінде сақта!